



*Тақырыбы: Ұлттық құндылық- ел қазынасы.*

*Мақсаты:* Балалардың ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншіліктерін, көркемдік эстетикалық талғамын дамыту, халықтың тұрмыс – салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, шығармашылық ойлау қабілеттерін байыту, бейнелеу өнерінің жаңа тәсілдерімен таныстырып, оны меңгере білуге, ептілікке, сыйластыққа баулуға, Отан сүйгіштік, бір – біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

*Көрнекілік:* Бейне матиралдар, слайдтар

*Оғу қызметінің барысы:*

*Қайырлы таң, құрметті қонақтар, қош келісіздер!*

*Балалар біз бүгінгі сабағымызды ерекше етіп бастайық ия .Ендеше таңғы тілек тәңірден демекші қонақтарға тілек айтудан бастайық*

*Біз балдырған тең басқан*

*Дос құшағын кең ашқан*

*Тілегіміз тыныштық*

*Ашық болсын кең аспан*

*Мықты болсын іргеміз*

*Бәрімізде біргеміз*

*-Балалар, қалай ойлайсыңдар ұлттық құндылықтар дегеніміз не?*

*-Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелеп тұратын не?*

*-Дұрыс айтасындар, балалар әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып*

алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындарының біреуі – асық ойыны. (слайд)

*Асық ойнау:* баланың ойлау қабілетін дамытады, адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне көмектеседі, таза ауада тері жасушалары ашылып, ағза тынығады.

*Ал, қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің пайдасын өмірдің өзі дәлелдеп, осы уақытқа дейін жетіп отыр. Баланың таза болуы, ұйқысының тыныш болуы өз алдына, баланың ана құрсағынан жарық дүниеге келген соң табиғи өсуіне әсер етеді. Жапонның әйгілі медицина ғалымы Гау Щияу Иде Илаң қазіргі заманғы озық аспаптарды қолдана отырып зерттеу жүргізген. Оның зерттеуі бойынша «сәби өмір есігін ашпас бұрын, ана құрсағында жүріп тербеліске түседі. Алайда өмір есігін ашқан соң жарық дүниеге бірден үйлесе алмайды. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай әлдилеп, тербетіп отыру керек» деген қорытынды жасайды*

*(осы кезде Саққұлақ кіріп келіп жата қалып жерді тыңдайды, тыныш сендердің шуларыңнан жердегі дыбыстарды дұрыс тыңдай алмай келемін)*

**Тәрбиеші:** Сіз кімсіз, неге соншама айқайлайсыз.

**Саққұлақ:** (айқайлап) Таптым, таптым Күнекей қызды таптым, таудың аржағындағы үңгірде сиқырланып қалған екен, сіздер маған көмектесесіздер ме?

**Тәрбиеші:** Әрине, көмектесеміз

**Саққұлақ:** Жақсы болар еді, Күнекей қызды тауып әкеліп беріңдерші?

**Тәрбиеші:** Жақсы осы жерде күтіңіз

**Саққұлақ:** Жақсы, жолдарыңыз болсын

*Тәрбиеші: Балалар ендеше уақыт алмай тездеті жолға шығайық*

*Саяхатшылар: Біз сізді құтқаруға келдік, Күнекей қыз*

*Күнекей қыз: Мен сіздермен бара алмаймын, мені сиқырлап тастаған. Денем ауырлап жүре алмаймын, сиқырды шешу үшін мына кілтті ашып ішіндегі тапсырмаларды орындау керек. Кілтті ашу үшін мақал - мәтел айту керек. Сол кезде кілт ашылып ішіндегі тапсырманы алып орындау керек*

*Ахмад: Байлық байлық емес-бірлік байлық.*

**I тапсырма: Үстел үсті ойыны: «Ұлттық құндылықтар»**

*Әли. О: Жақсы байқап, жаман шайқап сөйлер*

**II тапсырма: Жылжымалы папкамен жұмыс**

*Бексұлтан: Ырыс алды ынтымақ.*

**III тапсырма: Балалар берілген тапсырмаларды топқа бөліп орындау.**

*Жұмысқа кіріспес бұрын демалып, сергіту жаттығуын жасайық.*

*Сергіту сәті: Кел балалар тұрайық*

*Үлкен шеңбер құрайық.*

*Шаңырақты көтеріп,*

*Кереге етіп құрайық.*

*Бәріміз жүрсек айналып,*

*Киіз үй боп тұрайық*

*Өздеріңде, қолдарыңда дем алды, енді жұмысқа кірісуге болады. Бірақ алдымен жұмыс істемес бұрын нені сақтау керек?*

*Балалар: Қауіпсіздік ережесін сақтау керек!*

**Тәрбиеші:** *Дұрыс айтасыздар (желіммен ұқыпты, таза жұмыс істеу, аузымызға моншақтарды салмаймыз)*

*Қоратшадан үш түрлі ою бар, сол оюды алу арқылы түсіне қарай топқа бөлінеміз.*

1-топ (қызыл) Кәжекейдегі ұлттық оюды моншақтармен ашекейлеу. (клеймен жұмыс)

2-топ (жасыл) . Текеметке түсті қағаздан ою жапсыру.

3-топ (сары) Оюларды әр түрлі бояумен бояу.

**Саққұлақ :** Балалар сендер Күлше қызды құтқару үшін көп еңбектендіңдер Еңбек еткен бала бәрін де жеңеді екен, ал сендердің қиындықтарының бәрі артта қалды.

**Тәрбиеші:** Кәне кім еңбек туралы тақпақ айтып береді

**Әли.О**                      Гүл өсірсең терлеп,  
   Мұның аты – еңбек.  
   Кесте тіксең зерлеп,  
   Мұның аты – еңбек  
   Қиындықтың бәрін,  
   Еңбек қана жеңбек.

(Барлығы барып Күлше қызды құтқарып алады).

.Күлше қыз: Рахмет балақайлар .Сендер білгір екенсіздер. Мені сыйқырдан құтқару үшін көп еңбектендіңдер. Енді жұмыстарыңа баға берейікші. Өздеріңе ұнады ма? Маған да ұнады.

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар, Күлше қыз, Саққұлақ сіздерді қол өнер көрмесіне шақырамыз. Балалардың жасаған қол өнерін тамашалаңыздар! (Көрме ұйымдастыру)

Өте тамаша, жарайсыңдар, қазақтың ұлттық қол өнерін әліде ұмытпапты екен. Мен ертегі еліне сендерге өте риза болып қайтамын. Сау болыңдар(Екеуі шығып кетеді)

Тәрбиеші:(балаларды шақырып ішіне айна салынған қорапшаны көрсетеді)Осы қорапшада менің ең жақсы көретін балапанымның суреті бар деп.





